

Сарыагаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы

Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 53-472-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 шілдеде № 5731 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 14.10.2020 № 56-508-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабының 2 тармағына сәйкес, Сарыагаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыагаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын Сарыагаш қаласындағы "Женіс" саябағындағы алаң айқындалсын.
2. Сарыагаш ауданында демонстрациялар мен шерулер өткізу үшін жүру маршруты ретінде респубикалық маңызы бар "Шымкент-Шынаң" жолымен және Сабыр Рахимов көшесімен шектесетін Сарыагаш қаласының Ә.Жамансариеv көшесі айқындалсын.
3. Сарыагаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
4. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
5. Сарыагаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 наурыздағы № 50-444-V "Жиналыстар, митинглер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 18 наурызда № 3649 тіркелген және 2016 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
6. "Сарыагаш аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

7. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарыағаш аудандық
мәслихат хатшысы*

Б. Садыков

Сарыағаш аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 25 маусымдағы
№ 53-472-VI шешіміне
1-қосымша

Бейбіт жиналыстар мен шерулерді ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану
ТӘРТІБІ

Ескерту. 1-қосымшага өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 14.10.2020 № 56-508-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын – Сарыағаш аудандық мәслихаты бейбіт жиналыстарды немесе шерулерді өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орын немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстар мен шерулер өткізу үшін арнайы орынның материалдық-техникалық қамтамасыз етуі

№ п/п	Арнайы орын атапу	Материалдық-техникалық қамтамасыз етуі	Шекті толу нормалары
1.	Сарыағаш каласындағы "Жеңіс" саябағындағы алаң	- көше жарығы; - электр энергиясын қосу нүктесі; - бейнебақылау және бейнеказба камералары; - автотұрақ орны (1 кіру, 1 шығу).	200 адам

Жергілікті атқарушы органның өкілі хабарлама/өтініш бойынша оң шешім қабылданған кезде, бейбіт жиналыстың/шерудің ұйымдастырушысымен бір күн бұрын іс-шараны өткізу ережесін келесі сұраптар бойынша келісу үшін арнайы орынға барады

:

бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылардың айырым белгісі;

периметрі және өткізу орнының материалдық-техникалық сипаттамасымен танысу мен анықтау үшін;

Осы Занда көзделген жағдайларда бейбіт жиналыстар өткізу кезінде дыбыс деңгейі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін дыбыс күшеткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіттеу құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға;

БАҚ үшін арнайы белгіленген орын (лента немесе қоршаумен шектеу; фото-видео түсірілім және сұхбаттасу үшін жеткілікті көрінуді қамтамасыз ету);

бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауды;

Республикалық маңызы бар "Шымкент-Шыназ" жолымен және Сабыр Рахимов көшесімен шектесетін Сарыагаш қаласының Θ.Жамансариев көшесіндегі жүру маршрутымен танысу.

Бейбіт жиналыс өткізу күні ұйымдастыруышы және оған қатысушылар:

өтініште көрсетілген мерзім аралығында арнайы орынның аумағында орналасады;

ғимараттардың, құрылышжайлардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

санитарлық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтап, Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау туралы заңнамасын сақтайды;

бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруышының айырым белгісін тағып жүреді.

Сарыагаш аудандық

мәслихатының

2020 жылғы 25 маусымдағы

№ 53-472-VI шешіміне

2-қосымша

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 27.06.2024 № 19-149-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Мынадай объектілердің іргелес аумақтарының шекараларынан 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізуге тыйым салынады:

- 1) Жаппай жерлеу орындарында;
- 2) Теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК